

«Бекітілді»
КМҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-бақшасы
№1 педагогикалық кеңесте
25 тамыз 2020 жыл
Шешімі негізінде №52 бұйрық



**2020-2021 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқу бағдарламасын
іске асыру бойынша мектепалды даярлық №1 «Айгөлек» тобының
перспективалық жоспары**

Мектепалды даярлық топ 2020 жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Мақсаты: балалардың балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру, балабақша бөлмелерін және балабақша қызметкерлерінің еңбегін бағалап оларды жақсы көруге, сыйлауға үйрету.

Міндеттері:

- балабақша мен балабақша қызметкерлеріне деген сыйластық пен сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу;
- балабақша туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру;
- балабақша түсініктерін дамыту;
- балабақша қызметкерлері туралы түсініктерін дамыту;

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0,5	«Қатынас»-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Сауат ашу негіздері-2 Орыс тілі-1	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру-1 Музыка-2	«Әлеумет»-1,5 Өзін-өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,5
------	---------	---	--	---	---	--

I анға	Балабақша үйіміз	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Спортзал» Мақсаты: Допты алдыға, жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуды үйрету. Заттарды аттап жүрген кезде дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдік сақтап жүруді үйретуді жалғастыру. Жүгіру барысында қол мен аяқты үйлестіріп бір тізбекпен жүгіру және жүруге жаттықтыру. Бір орындарында бұрылып секіре білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту, екі аяқтарымен серпіліп секіре білу дағдыларын дамыту, кеңестікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Спортзалда ойнаймыз» Мақсаты: Орташа шапшандықпен жүгіруге және жүгіру барысында бірқалыпты тыныс алуға үйрету. Заттар арасымен екі аяқпен ирелендеп секіруге жаттықтыру, еденнен екі аяқпен ширақ итеріле білу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. 2метр арақашықтықта жұп болып тұрып, бір-біріне доп лақтыру жаттықтыру. Бір бағытта лақтыра білу, лақтыру кезінде қолдарын ширақ түзете алу шеберліктерін (машықтарын жетілдіру). Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Мен кімін?» Адам денесі» Мақсаты:балаларды адам дене құрылысымен таныстыру. Адамдардың бір-бірінен айырмашылығы болатынын түсіндіру. Дене мүшелерінің маңыздылығы туралы түсіндіру, білімдерін толықтыру. Өзін танып-білуге деген қызығушылықтарын дамыту. Өз дене мүшелерін дұрыс күте білуге тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Балабақшадағы алғашқы күн» Мақсаты: «М»- «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру. Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялын дамыту.Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Біздің айналадағы дыбыстар» Мақсаты: «Дыбыс» термині туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрылымымен таныстыру, алдағы сауат ашу негіздеріне үйрету үшін талдау әрекеттерін қалыптастыру, сөздегі дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлілігін қалыптастыру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дауысты және дауыссыз дыбыстар» Мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру, дыбыстық талдау әрекетінің бастапқы қалпы туралы түсінік беру (қызыл түсті текше-дауысты, көк түсті текше-дауыссыз) дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыларын жетілдіру. Орыс тілі Тема: «Мой любимый Детский сад» Цель: Ввести в активную речь детей слова: детский сад, комната, пол, стена, потолок, окно, дверь. Развивать образную речь. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Білімін –бұлағын» А.Шаяхметов. Мақсаты: Балабақша, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу; «Білімін-бұлағын» өлеңін үйретіп, сөздердің мағынасын түсіндіру; өлең арқылы білімді болуға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Біреу – көп» Мақсаты: балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету. «біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бізді не қоршап тұр?» Мақсаты: «Жансыз табиғат» деген түсінікпен таныстыру, жансыз табиғаттағы заттарды адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету. Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Қоршаған табиғатты аялай білуге үйрету. Әлемді өз бетінше тануға деген құштарлықтарын ояту. Құрастыру Тақырыбы: «Ұшақ» Мақсаты: Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру (жерде, суда, аспанда ұшатын көліктер), таңдап үлгі бойынша ұшақтарды құрастыруға үйрету, ой-қиялын дамыту, олардың негізгі бөліктері мен ұсақ бөлшектерін ажырата алуға және өздерінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлап, дамыта алу дағдыларын қалыптастыру, батырлыққа, ерлікке тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Ағаш бұтақтары» (Түрлі түсті қарындаштар) Мақсаты: балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету. Музыка Тақырыбы: «Мен бақшаға барамын» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру,адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру.Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату. «Мен бақшаға барамын» Т.Тайбеков. Ф.Оңғарсынова. «Білім күні» М.Дауылбаев.Т.Ғалиев. Музыка Тақырыбы: «Мен бақшаға барамын» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру,адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру. Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату. Жапсыру Тақырыбы: «Көшедегі үйлер» Мақсаты:көп қабатты және бір қабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыра білуге үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы:«Жемістер бағында» (алма, алмұрт.) Мақсаты: мүсіндеудің таныс әдістерін қолданып, заттарды мүсіндеу, бейнені затпен салыстыру, сәйкестіктерді анықтау.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Өзін–өзі тану әлеміне саяхат» Мақсаты: «Өзін- өзі тану» пәні туралы алғашқы түсінік беру. Өзін-өзі тануға қызығушылықтарын арттыру, өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу.
--------	------------------	--	---	--	---	--

II апта	Қош келдің, Алтын күз!	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күлкі сыйла» Мақсаты: Қозғалыс барысында сап түзеп жүру дағдыларын жетілдіруді жалғастыру, жұп болып жүру мен жүгіру кезінде өз қозғалыстарын келісіп жүруге үйрету. Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені-20см, биіктігі 30см). Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіруге жаттықтыру, әр секіру фазасында қозғалыстарының үйлесімділігін қалыптастыру. Допты екі қолмен жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуға, допты лақтырып, шапалақ ұрғаннан кейін саусақтарын бүгіп қағып алуға жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз күшті және ержүрекпіз» Мақсаты: Қозғалыс кезінде қайтадан сап құрып тізекпен жүру және бағытты өзгертіп жүру дағдыларын жетілдіру. Заттар арасымен допты домалатып жүру барысында допты саусақ ұшымен жеңіл итеріп жүруге үйрету. Бір бүйірімен екі аяқпен арқаннан секіруге жаттықтыру және ширақ итерілу дағдыларын қалыптастыру. Дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдіктерін сақтап, орындық үстімен жүруд бекіту. Бұлшық ет корсеті мен омыртқаның иілімділігін қалыптастыруға мүмкіндік жасау; стретчинг-омыртқаның қисаюның алдын алу. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Денсаулықтың құпиялары» Мақсаты: Допты ілнері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүруге үйретуді жалғастыру. Қолдарын екі жаққа созып, басына қапшық қойып, бөрененің үстімен тепе-теңдік сақтап жүріп өту біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру. Баяу жылдамдықта қол мен аяқтың қимылын үйлестіре отырып жүгіруге жаттығу. Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, өз денсаулығын бағалай білуге баулу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің досым» Мақсаты: Суретке қарап әңгіме құрауды, буынға бөлуді дамыту. Сұрақтарға жауап беру арқылы ойлау қабілетін дамыту. Бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу Орыс тілі Тема: «Кто работает в детском саду?» Цель: Учить детей правильно называть слова, составлять небольшие рассказы по образцу (воспитатель, повар, медицинская сестра, няня, учитель). Развивать логическое мышление, связную речь, навыков амостоятельного мышления. Формирований новых знаний о профессиях и взаимосвязи между людьми разных профессии. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Буын, Сөз» Мақсаты: «Буын» және «Сөз» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, суретті сөздің сызбасымен біріктіре білуге үйрету, әр сөзде қанша буын бар екенін анықтай білудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Буын. Екпін» Мақсаты: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау, буындағы дауысты дыбысқа екпін түсіре білуге жаттықтыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күз – жомарт» (өлеңді жаттау) Ермек Өтегілеуұлы. Мақсаты: Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Күз байлығы, оның алуан түрлігі туралы айтып, өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқып жеткізу. Күз байлығы адамдардың еңбегімен келетінін ұғындыру, оны бағалай білуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру» Мақсаты: балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табууды, қандай да бір қасиеті («күлкен», «кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғатта не өзгерді?» Мақсаты: Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылау, бір-бірінен айыру және атын атап беруге; себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуге үйрету. Балалардың тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын дамыту, салыстыру, бақылау нәтижелерін бір-бірімен салыстырып, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа жауапкершілікпен қарауға баулу.	Сурет салу Тақырыбы: «Күзгі орман» (Акварель бояу) Мақсаты: күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Музыка Тақырыбы: «Менің туыстарым» Мақсаты: Музыканы ұқыпты тыңдап, түсініктерін айтуды үйрету. Мәтінін жаттап әуенді ұғыну, бірге айту әдетін, дыбыс биіктігін келтіріп айтуды қалыптастыру. Ойынды қимылдар арқылы көрсету, жылдамдықты дамыту. Музыка ырғағын сезініп, әдемі билеуге үйрету. «Ағайынбыз бәріміз» Ә.Дүйсенбиев. М.Әубекеров. Музыка Тақырыбы: «Менің туыстарым» Мақсаты: Музыканы ұқыпты тыңдап, түсініктерін айтуды үйрету. Мәтінін жаттап әуенді ұғыну, бірге айту әдетін, дыбыс биіктігін келтіріп айтуды қалыптастыру. Ойынды қимылдар арқылы көрсету, жылдамдықты дамыту. Музыка ырғағын сезініп, әдемі билеуге үйрету. Жапсыру Тақырыбы: «Біздің үй» Мақсаты: кіші бөліктерді үлкен бөліктің үстіне кескіндеп жапсыруға үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Себет» Мақсаты: себеттің жакеттілігі туралы түсінік беру, ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Адам болам десенің» Мақсаты: «Адамгершілік», «жақсы адам» ұғымдарының мағынасын түсіндіру, адамгершілік туралы түсініктерін кеңейту, бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету, жақсылық жасай білуге тәрбиелеу. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Заттардың адам өміріне маңызы. Заттар неден жасалады?» Мақсаты: балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру. қандай материалдан жасалғанын және олардың сапасы туралы түсінік беру; сипаттай білуге үйрету;
---------	------------------------	--	---	---	---	--

III апта	Менің достарым	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мен ойнағанды жақсы көремін» Мқсаты: Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету, гимнастикалық орындық үстінде білегі мен тізесіне таянып еңбектеуді жетілдіру, орындық үстіндегі қимыл-қозғалыс жасай білу дағдыларын дамыту. Басына қапшық қойып, арқан үстімен бір бүйірімен динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру, дене бітімін дұрыс ұстау дағдыларын қалыптастыру. Кеңістікте бағдарлай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту, қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Керуен» (таза ауада) Мақсаты: Азия халықтарының ойындарын пайдалана отырып, балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру. Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, келбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету. Бір аяқпен әртүрлі бағытта секірулерін, бүкіл табанмен жерге түспеу дағдыларын, табанның алдыңғы бөлігімен итеріп секіруді жетілдіру. «Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын бекіту. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, Қауіпсіздік мінез құлық негіздері Тақырыбы: «Ас қорыту жүйесі. Асқазан» Мақсаты: дұрыс тамақтану ережелерімен таныстыру. Балаларды ас қорыту мүшелерімен таныстыру, білімдерін толықтыру. Салауатты өмір салтын дамыту. Салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: балаларды сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелей білуге, Суреттер бойынша әңгіме құрастыру. «Д», «т» дыбыстарын анық айта білу; Орыс тілі Тема: «Моя любимая игрушка» Цель: ввести в активную речь детей – названия игрушек: мяч, кукла, флаг, шар, машина, барабан, кубик, телефон, самолет, ракета, паровоз, пароход. Воспитывать любовь к своему детскому саду. Умение рассказывать о своей группе, о воспитателе, о друзьях. Сауат ашу Тақырыбы: «Сөзбен танысайық» Мақсаты: Сөз туралы түсінік беруді жалғастыру. Сөзді анық, ашып айтуға үйрету. Әр сөздің айтылу мәнерін, мағынасын түсіндіру. Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп айыра білуге үйрету. Сауат ашу Тақырыбы: «Сөйлем» Мақсаты: Ауызша сөйлем құрастыру дағдыларын жетілдіру, берілген сөзге сөйлем құрастыра білуге үйрету, талдау, салыстыру, жалпылау, ақпаратты жүйелеудің қарапайым тәсілдерімен таныстыру, тыңдалған материалды мазмұндай білуге үйрету, «Сөйлем» және «Сөйлем сызбасы» терминдері туралы түсінік қалыптастыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: « Кішкентай бағбан» (Әңгімелеу) Мәдіхат Төрежанов Мақсаты: Әңгімені оқып беріп таныстыру арқылы балалардың зейінін аударып, қызығушылығын арттыру. Бағбан туралы түсінік бере отырып, бақтағы жұмыспен таныстыру. Әңгіме арқылы ойын қиялмен ұштастыра айтуға баулу. Табиғатты сүюге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «1 саны және цифры. 2 саны және цифры» Мақсаты: 1 және 2 сандарының құрамымен; 1 және 2 цифрларымен таныстыру. заттарды санай алуға; сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету; сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Нан қайдан келеді?» Мақсаты: Балалардың нан өсіру жайлы білімдерін жетілдіру. Ізденістік-танымдық жұмыстарға деген талпынысын күшейту. Нанды қастерлеуге, оны өсіріп, өндіруге атсалысатын адамдардың еңбегіне құрметпен қарай білуге тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Көңілді автобус» Мақсаты: Қағазды қос бүктеу тәсілі арқылы автобус жасай білуге үйрету, қиып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Тостаған» (Акварель бояу) Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту. Музыка Тақырыбы: «Егеменді елім» Мақсаты: Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, музыкалық шығармашылық әрекеттер түріне эмоционалдық қатынасын білдіруге талпындыру. Балаларды Қазақстан Республикасының рәміздерімен және олардың авторларымен таныстыру. Елбасы, Астана туралы мағлұмат беру. «Отаным» А.Қалманбетова. «Біз өмірдің гүліміз» Б.Ғизатов. Музыка Тақырыбы: «Егеменді елім» Мақсаты: Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, музыкалық шығармашылық әрекеттер түріне эмоционалдық қатынасын білдіруге талпындыру. Балаларды Қазақстан Республикасының рәміздерімен және олардың авторларымен таныстыру. Елбасы, Астана туралы мағлұмат беру. Жапсыру Тақырыбы: «Кемпірқосақ» Мақсаты: доғал сызық бойымен киюды және кеңістікте түстерді сәйкестендіре жапсыруды үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Көкөністер» Мақсаты: Балаларға көкіністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету. Көкіністердің сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, қияр мен қызанақ мүсінін жасауға үйрету. Мүсіндеу амалдарын бекіту (домалақтау, созу, ширақтау, шымшу	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Мен қандай баламын?» Мақсаты: Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру, қыз бала мен ұл баланың ерекшеліктері туралы түсінік беру, өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым қатынас жасауға тәрбиелеу.
----------	----------------	---	---	--	---	--

IV анги	Жомарт күз	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күзгі орманда» Мақсаты: Бөрене үстінде еңбектеу барысында қол мен аяқтарын үйлестіріп қозғауға үйрету; 2 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын) бекіту, ептілік, көзбен мөлшерлей алу, ерекше заттармен (құралдармен) орындалатын жаттығуларда назарларын тек орындайтын іс-әрекетіне сала білу сияқты қабілеттерін дамытуды жалғастыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ұлттық ойындар» (таза ауада) Мақсаты: Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету. Бір аяқпен әртүрлі бағытта секірулерін, бүкіл табанмен жерге түспеу дағдыларын, табанның алдыңғы бөлігімен итеріп секіруді жетілдіру. «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын бекіту. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік күзиреттеліктерін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бидминтон, футбол» Мақсаты: Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамытуға жағдай жасау, күнделікті қимыл-қозғалыстың қажеттілігін қалыптастыру. Балаларды бадминтон ойынымен таныстыру, қимыл-қозғалыс дұрыстығының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету, қимыл түзетуін күшейту. Спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық, мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Күз бояуы» Мақсаты: Күз белгілері жайлы әңгімелесу. Күз мезгілінің ерекшеліктерін сезінуге, әңгімелеп айтып бере білуге дағдыландыру, тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Орыс тілі Тема: «Волшебный сундучок» Цель: Научить детей употреблять союз и для обозначения совокупности предметов и людей. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жемістер жыры» (Өлеңді жаттау) Рза Қунақова Мақсаты: Өлең мазмұнын ашу. Өлең ырғағын келтіре отырып, тіл ерекшелігін, көркем сөздерін түсіну, әр шумағын қайталау барысында ойлау қабілетін дамыту. Жемістердің пайдасы туралы айтып, құрамындағы дәрумендер туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Хабарлы сөйлем» Мақсаты: Хабарлы жай сөйлеммен таныстыру. Хабарлы сөйлемнің тыныс белгісі мен мағынасын түсіндіру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сұраулы сөйлем» Мақсаты: Сұраулы сөйлеммен таныстыру. Сұраулы сөйлемнің тыныс белгісі мен айтылу мағынасын түсіндіру.	Математика негіздері Тақырыбы: «3 саны және цифры. 4 саны және цифры» Мақсаты: 3 және 4 сандарымен, 3 цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?» Мақсаты: Саңырауқұлақтың кейбір жеуге жарамды (қозықұйрық, томарқұлақ, ақ саңырауқұлақ, қайың саңырауқұлақ, терекқұлақ) және улы түрлері (шыбынжұт, боз арамқұлақ) туралы түсінік қалыптастыру. Балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрету. Құрбы-құрдастарымен және ересектермен емін-еркін сөйлесу кезінде танымдық-зерттеушілік қызметті дамыту. Табиғатты аялай білуге баулу.	Сурет салу Тақырыбы: «Торсық» (Түрлі түсті қарындаштар) Мақсаты: балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету. Музыка Тақырыбы: «Жомарт күз» Мақсаты: Музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту. Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Есту қабілеттерін, орындаушылық қабілеттерін жетілдіру. «Алтын күз» Ж.Молдажанова. «Күз жомарт» Е.Өтетілеуов. Д.Ботбаев. Музыка Тақырыбы: «Жомарт күз» Мақсаты: Музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту. Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Есту қабілеттерін, орындаушылық қабілеттерін жетілдіру. Жапсыру Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар» Мақсаты: балаларға геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, сопақша) кино әдістерін меңгерту. Мүсіндеу Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар» Мақсаты: ермексازдан түстерін ажырата отырып бірнеше саңырауқұлақ мүсіндеу. Мүсінделген саңырауқұлақтарды жинастырып, саңырауқұлақ алқабын жасау.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Менің есімім» Мақсаты: Әрбір баланың қайталанбайтын жеке тұлға екендігін ұғындыру, адамның есімі, оның адамға қандай міндеттер жүктейтіні туралы түсінік беру, өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым қатынасқа тәрбиелеу. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік» Мақсаты: балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тәрбиелеу. Қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу.

Мектепалды даярлық топ 2020 жыл қазан айы

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, отбасы мүшелерін атап, олар туралы айтуға және жақсы көруге үйрету; туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту.

Міндеттері:

1. Отбасында мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға баули отырып, ата-аналармен бірге балалар денсаулығын нығайтуға ықпал ету;
2. Отбасы мүшелерімен тығыз байланыс жасау негізінде балалардың сөздік қорларын одан әрі дамытуға жағдай жасау;
3. Отбасылық серуендерге, саяхаттарға шығу барысында балалардың табиғатта, қоршаған ортада өзін ұстай білу дағдыларын , қоршаған әлемге қызығушылығы мен қамқорлық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал жасау;
4. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ата-аналармен бірлескен шараларды жетілдіру

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері-0,5	«Қатынас»-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Сауат ашу негіздері-2 Орыс тілі-1	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру-1 Музыка-2	«Әлеумет»-1,5 Өзін-өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	«Менің туған өлкем»	Дене шынықтыру Тақырбы: «Қалай спортшы болуға болады?» Мақсаты: Екпінмен жүгіріп келіп, 25см биіктікте ілінген затқа қолын жоғары көтеріп секіріп тигізуге үйрету; аяқтың итерілу күші мен қолды сермеу қимыл-қозғалыстарын жетілдіру. Үзіліссіз баяу жүгіру, тізелерін жоғары көтеріп жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді жетілдіру. Үзіліссіз баяу жүгіру, тізелерін жоғары көтеріп жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің сүйікті жануарларым» Мақсаты: Өзін айнала бұрылып секіруге үйрету (аса жоғары емес). Аяқтарын бүгіп, екі ұшымен еденнен (жерден) итеріле білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Әртүрлі бағыт және қырынмен қолды қадамдарымен үйлестіре қозғап жүгірудерін жетілдіру. Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанның көмегімен төрттағандап еңбектеуге жаттықтыруды жалғастыру. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Қалай дұрыс тамақтану керек?» Мақсаты: азық-түлік сапасын оның түсіне, иісіне, пішініне қарай ажырата білуді үйрету. Балаларды дұрыс тамақтану мәдениеті және ережелерімен таныстыру. Күнделікті өмірде дұрыс тамақтану ережелерін сақтауға баулу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің атам» Мақсаты: Өз отбасы туралы әңгіме құрастыра айтуды, сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Сөздік қорларын дамытып, отбасына деген мейірім сезімдеріне, үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Дыбыстық талдау жасау. Орыс тілі Тема: «Что нам осень принесла?» Цель: Ввести в активную речь слова про времена года - Осень. Научить составлять рассказ по картинке, развивать образную речь. Сауат ашу Тақырыбы: «Лепті сөйлем» Мақсаты: Лепті жай сөйлеммен таныстыру. Лепті сөйлемнің тыныс белгісі мен айтылу мағынасын түсіндіру. Сауат ашу Тақырыбы: «Дыбыс және әріп» Мақсаты: Сөздердің дыбысталу формаларын ажырата білуге үйрету, дыбыс және әріп өзара айырмашылығы туралы түсінікті қалыптастыру, дыбыстарды және олардың әріппен белгіленуімен салыстыра білуге үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шаруа мен Аю» (оыс халық ертегісі) Мақсаты: ертегі мазмұнын жете түсіндіріп, оны тыңдауға қызығушылығын ояту. Өз ойын қиялымен ұштастыра отырып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету. Ертегі арқылы балаларды еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «5, 6 сандары және цифрлары» Мақсаты: 5 және 6 сандарының құрылуымен және 5 және 6 цифрларымен таныстыру. 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету; зейінін, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ағаштың бұтадан қандай айырмашылығы бар?» Мақсаты: Ағаш және бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету. Өзінің өлкесінде өсетін ағаш, бұта және шөптер туралы түсініктерін нығайту. Тірі нысанды суреттей білу қабілеттерін дамыту. Балалардың зейінін, жадын күшейту. Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Рухани-ізгілік және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. Құрастыру Тақырыбы: «Жәндіктер» Мақсаты: Табиғи материалдармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, кепкен жапырақтарды пайдаланып әртүрлі жәндіктерді бейнелеуге үйретуде ептілікке, икемділікке баулу, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Жаңбырлы күн» (Акварель бояу) Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру. Музыка Тақырыбы: «Күз байлығы» Мақсаты: Музыкадағы бейнелерді ажыратуға, әннің сергек сипатын қимылмен бере білуге үйрету. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырату. «Күнбағыс» Ж.Мұханбетжанова. Н.Жанаев. Музыка Тақырыбы: «Күз байлығы» Мақсаты: Музыкадағы бейнелерді ажыратуға, әннің сергек сипатын қимылмен бере білуге үйрету. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырату. Жапсыру Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» Мақсаты: қағазды қатпарлап бүктеу арқылы жапырақтың жиектерін иректен киюды үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» (Рельефті мүсіндеу) Мақсаты: балаларға күз туралы түсінік беру, күз айларының атауын менгеру, мүсіндеудің жалпақтау, бедерлеу, шымшу дағдыларын қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, арнайы құралдармен жұмыс істеу дағдысын жетілдіру. Еңбекке деген ынтасын арттыру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Менің туған күнім» Мақсаты: Жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру, туған күн қуанышы туралы түсінік беру, өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

II апта	Отбасы және құндылықтар	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Допты ойнап, көңілді көтер!» Максаты: Допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі колмен қағып алуды үйретуді жалғастыру, саусақтарды ашып, допты қағып алу шеберліктерін (машықарын) дамыту. 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп, түзу бағытта еңбектеп жүруге жаттықтыруды жалғастыру, кеңістік пен ондағы заттарды бағдарлай білу дағдыларын дамыту. Қолды әртүрлі қалыпта қозғалтып секіруге жаттықтыруды жалғастыру. Қол мен аяқты үйлесімді қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз әртүрліміз» Максаты: Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын бекіту. Саусақтарымен допты ширақ домалату шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Бір-бірімен жылы қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дене қабілеттерін дамыту» Максаты: Беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдік сақтауға үйрете түсу-дене бітімі ақауларының алдын алу. Бір-бірден тізбекпен жүгіру кезінде аяқтары мен қолдарының қимылын үйлестіруге жаттығу. Жүгіріп келіп, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп екпінмен биіктікке секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау, Спортқа құлшынысын жалғастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қорыққанға қос көрінеді» ертегі Максаты: Г,К дыбыстарымен таныстыру. «Белгілі дыбысқа сөз таңда» Д/о ойнату арқылы балалардың сөздік қорын молайту. Зейінділікке, шапшаңдыққа үйрету. Ертегімен таныстыра отырып, мазмұнын әңгімелеу. Орыс халық ертегілерінің түрлерінен таныс ертегілерін сұрау арқылы есте сақату қабілеттерін дамыту, тілдерін дамыту. Орыс тілі Тема: «Выросли на грядке» Цель: Ввести в активную речь детей названия овощей и употребить их в игровых ситуациях. Уметь различать овощей по форме, вкусовым данным и на ощупь. Формировать целостное восприятие при составлении рассказа посюжетным картинкам. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «А а дыбысы және әрпі» Максаты: А дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөздегі дыбыстардың (дауысты дауыссыз, жуан, жіңішке) ажыратып дұрыс дыбыстау. Суретті кітаптардан ақпаратты табу. Сөз,сөйлем сызбасын құру. Жазу жолын жол аралық кеңістікті жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап әріп элементтерін жазу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Н н дыбысы мен әрпі» Максаты: Н дыбысы және әрпімен таныстыру. Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау,оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау.Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің ойыншықтарым» Максаты: Өлеңді оқи отырып, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлең мазмұнын айтқызу арқылы ойыншыққа деген қамқорлық, сүйіспеншілік, аяушылық сезімін ояту. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «7, 8, 9 сандары және цифрлары» Максаты: 7, 8, 9 сандарының құрылуымен және 7,8,9 цифрларымен таныстыру, цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту;.Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?» Максаты: Жабайы аңдардың тіршілігі жайлы түсінікті кеңейту. Жануарлардың сырт келбеті мен жылдың әр мезгіліндегі тіршілік ету ерекшеліктерін ажыратып, сипаттай білуге үйрету. Себеп-салдарлық байланысты анықтай білу қабілеттерін дамыту. Жануарлар әлемін сүюге тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Қоржынды сәңдейміз» <i>(Түрлі түсті қарындаштар)</i> Максаты: қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Музыка Тақырыбы: «Күзгі орман» Максаты: Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу, сезімдік ықыласын ,ладтағы дыбыстарын биіктігін есту қабілеттерін жетілдіру. «Күз тамаша» Л.Мұқашева. «Күз суреті» А.Досмамбет. М.Неталиев. Музыка Тақырыбы: «Күзгі орман» Максаты: Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу, сезімдік ықыласын ,ладтағы дыбыстарын биіктігін есту қабілеттерін жетілдіру. Жапсыру Тақырыбы: «Бұлттар» Максаты: балаларға қағазды жырту әдісін қолданып, бұлттың бейнесін жасауға үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Жаңғақ кемірген тиін» Максаты: Тиін, тиіннің тіршілігі туралы түсінік беру; тиіннің мүсінін жасай білуге, дене бөліктерін біріктіріп қосу, шымшып қысу, дөңестеу тәсілдерін үйрету; саусақ моторикасын жақсарту. Баланың ойын, тілін, шығармашылық қабілеті, көркемдік талғамын дамыту. Ұқыпты жұмыс істеуге, бір-біріне көмектесе білуге баулу; эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Менің сезімдерім» Максаты: Адамның сезімдері, оның адамға тигізетін әсері туралы түсінік беру, адамның сезімдері туралы түсінік беру, бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды" Максаты:Мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағұлмат беру, олардың пайдаланатын құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру; мамандықтың жақсы деген қорытындыға келу
---------	-------------------------	---	---	--	--	--

III апта	Ата-ана еңбегі	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Зейінді баламыз» Максаты: Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру. Екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірімен өту шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Педагогтің түсіндірмесін зейін қойып тыңдай білу және жаттығуды көрсетуін мұқият қарап, еске сақтап алу қабілеттерін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бірінші бол!» Максаты: Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту. Зал кеңістігін бағдарлап, сапқа және сапқа қайта тұруға жаттықтыруды жалғастыру. Биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Қауіпсіздік мінез құлық негіздері Тақырыбы: «Табиғат –тіршілік нәрі» Максаты: балаларға табиғат туралы түсінік беру. Табиғат саясындағы жанды, жансыз заттарға қамқорлық жасауға баулу. Туған табиғатқа сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерімен қарауға үйрету. Жер- ананың адамзатқа берген сыйын үнemdeп оны сақтай білуге дағдыландыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Отбасының күзгі еңбегі» Максаты: күз мезгілінің ерекшеліктерін сезінуге, әңгімелеп айтып бере білуге дағдыландыру, тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Іс қимыл әрекетті білдіретін сөздерді (жинады, тазартты) айтуға үйрету. Ауызша сөйлеу тілінде грамматикалық категорияларды (байланыстырып әңгіме құрастыруға), оқылған шығарма бойынша үйренген жаңа сөздерді қолдана білуге үйрету. Орыс тілі Тема: «Поспели на дереве» Цель: ввести в активную речь детей названия фруктов. Обогащать словарный запас новыми выражениями, активизировать их в употреблении речи детей на русском языке. Развивать творческое мышление. Сауат ашу Тақырыбы: «Л л дыбысы мен әрпі» Максаты: Л дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөздегі дыбыстардың (дауысты дауыссыз ,жуан,жіңішке)ажыратып дұрыс дыбыстау.Суретті кітаптардан ақпаратты табу.Сөз,сөйлем сызбасын құру.Жазу жолын жол аралық кеңістікті жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап әріп элементтерін жазу. Жазуға қолдарын жаттықтыру.Т әрпінің баспа түрімен танысып жазу. Сауат ашу Тақырыбы: «Р р дыбысы мен әрпі » Максаты: Р дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөздегі дыбыстардың (дауысты дауыссыз ,жуан,жіңішке)ажыратып дұрыс дыбыстау.Суретті кітаптардан ақпаратты табу.Сөз,сөйлем сызбасын құру.Жазу жолын жол аралық кеңістікті жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап әріп элементтерін жазу. Балаларды адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің елімнің рәміздері» (өлеңді жаттау) Нұрлан Қалқа Максаты: Өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқу, мазмұнын ашу. Балаларды еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу. Имандылық, адамгершілік тәрбиесіндегі үлгі-өнеге сөздерді үйретіп, елді қорғауға баулу.	Математика негіздері Тақырыбы: «10 саны» Максаты: 0 және 10 санымен және олардың жазылуымен таныстыру. Заттарды ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға 1 және 0 цифрларымен бейнелеуге үйрету; Жаратылыстану Тақырыбы: «Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?» Максаты: Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту. Құрастыру Тақырыбы: «Жануарлар әлемі» Максаты: «Киндер» қораптарынан аңдардың бейнесін құрастыра білуге үйрету, өз ойларынан шығармашылықпен безендіруге және ертегі құрастырып, айтып беруге бағыт беру, ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, аңдарға қамқорлық жасау сезімдерін тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Автобус» (Түрлі түсті қарындаштар) Максаты: төртбұрыш пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білу, түрлі түсті бояудың көмегімен геометриялық пішіндерді пайдаланып автобустың суретін салуды үйрету. Музыка Тақырыбы: «Күзгі серуен» Максаты: Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінімен айтуға үйрету. Музыканың мазмұнын түсіну, шығармалардың сипатын ажырату және салыстыру. Есту қабілеті мен дауысты жетілдіру. Түрліші сипаттағы музыкаға деген тұрақты ынтаны тәрбиелеу. Күздің күні қандайды» Д.Қиқымов. «Күзгі әуен» А.Досмамбет. Музыка Тақырыбы: «Күзгі серуен» Максаты: Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінімен айтуға үйрету. Музыканың мазмұнын түсіну, шығармалардың сипатын ажырату және салыстыру. Есту қабілеті мен дауысты жетілдіру. Түрліші сипаттағы музыкаға деген тұрақты ынтаны тәрбиелеу Жапсыру Тақырыбы: «Айдарлы әтеш» Максаты: әтештің жасалу жолын ретімен үйлестіре білуге үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Үйрек» Максаты: ермексазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Үйректі өзіндік, құсқа тән ерекшелігін келтіре отырып мүсіндеу, мүсіндеудің шымшу, есу, басу, тегістеу тәсілдеріне жаттықтыру. Көркемдік талғамдарын, қиялдарын, ойлау қабілеттерін, саусақ қимылдарын дамыту. Ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Мен қамқор баламын» Максаты: «Қамқорлық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу, қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыту, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.
----------	----------------	--	---	--	--	--

IV апта	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ерекше сабақтар» Максаты: Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктерін дамыту. Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету. Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту. Зал кеңістігін бағдарлап, сапқа және сапқа қайта тұруға жаттықтыруды жетілдіру. Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алушеберліктерін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Акробат болғым келеді» Максаты: Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру ырғақпен қозғалу шеберліктерін дамыту. Еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеп жүруге жаттықтыру, қол мен аяқ қозғалысының үйлесімділігін жетілдіру. Гимнастикалық орындық үстінде басқа құм салынған қапшық (салмағы – 400г) қойып жүру шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Шапшандық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Салауатты өмір сүруге баулу. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Командалық эстафеталар» (таза ауада) Максаты: тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту. Ептілікті, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп секіруді, күштілікті дамыту. Жаттығуларды уақытқа сыдырып, кеңістікті дұрыс болжай отырып, дұрыс әрі тиімді орындай білуді жалғастыру.,	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» Максаты: Дауысты дыбыстар туралы түсінік беру. Күз туралы білімдерін тиянақтау. Күзгі ағаш жапырақтарын ажырата білуге үйрету, адамдарға еңбегіне құрметпен қарауға баулу, молшылық, береке сөздерінің мағынасын түсіндіру. Сөздік қорын молайту. Орыс тілі Тема: «Что растет в лесу?» Цель: Совершенствовать умение детей связно рассказывать по теме. Развивать интерес детей познавать окружающий мир. Пополнить словарный запас детей (грибы:сыроежки, маслята, опята; ягоды:малина, клубника, вишня, черешня) Сауат ашу Тақырыбы: «Р дыбысы мен әрпі » Максаты: Р дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөздегі дыбыстардың (дауысты дауыссыз ,жуан,жіңішке) ажыратып дұрыс дыбыстау. Суретті кітаптардан ақпаратты табу.Сөз,сөйлем сызбасын құру.Жазу жолын жол аралық кеңістікті жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап әріп элементтерін жазу. Балаларды адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Сауат ашу Тақырыбы: «Дыбыстық талдау» Максаты: Өткен дыбыстар мен әріптерден құралған сөздерге дыбыстық талдау жасау, сөздерді буынға бөліп айту. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Көркем әдебиет Тақырыбы: Арыстан мен Тышқан (ертегі) Максаты: Балаларға ертегіні оқып беріп таныстыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Ертегінің мазмұнын, басты кейіпкерлердің мінез-құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Өз түсініктерін кейіпкерлендіру арқылы көрсете білуге дағдыландыру. Бір-біріне қамқор болуға, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Заттарды өлшемі бойынша салыстыру» Максаты: балаларды заттардың көлемін анықтауға және оларды өлшемі бойынша салыстыруға (үлкен, кішкентай, үлкенірек, кішірек, жоғары, төмен) үйрету. заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге; тілдік дағдыларды, талдау білігін дамыту, есте сақтауға, сөйлеуге дағдыландыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу Жаратылыстану Тақырыбы: «Оңтүстікке қандай құстар ұшып кетеді?» Максаты: Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту. Табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту. Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Бидай масақтары» <i>(Аquareль бояу)</i> Максаты: балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйрету. Музыка Тақырыбы: «Сабантойды тойлаймыз» Максаты: таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сай биде, ойында мазмұнын жете түсінуге, есту қабілетін дамытуға баулу. Әнді музыканың характеріне сәйкес орындау. Әннің мәтініне байланысты сай қимыл жасау Сабантой мерекесі туралы түсінік беріп, мерекелік көңіл-күй сыйлау. Балалардың естіген шығармалары туралы пікірі. Музыка Тақырыбы: «Сабантойды тойлаймыз» Максаты: Таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сай биде, ойында мазмұнын жете түсінуге, есту қабілетін дамытуға баулу. Әнді музыканың характеріне сәйкес орындау.Әннің мәтініне байланысты сай қимыл жасау Жапсыру Тақырыбы: «Түлкі» Максаты:түлкінің бейнесін қию арқылы пішіндер туралы түсініктерін нығайту. Мүсіндеу Тақырыбы: «Қоян бауырсақты кездестіреді» Максаты: ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін мүсіндей бұлуге және кеңістікке орналастыра білуге үйрету. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту. Өсемдікті сезіне білуге, сүйіспеншілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: Мен осындай баламын Максаты: Жақсы қасиеттер туралы қарапайым түсінік беру, бойларындағы жақсы қасиеттерін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің Отаным – Қазақстан» Максаты: Балаларға өз отаны жөнінде түсінік беру. ҚР президенті туралы түсіндіру, таныстыру. Өз туған еліне, жеріне, халқына деген сүйіспеншілікті нығайту. Батырлыққа, батылдыққа, тәрбиелеу.
---------	----------------------------------	--	--	---	---	---

Мектепалды даярлық топ 2020 жыл қараша айы
Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. балалардың қимыл-қозғалыс тәжірбиесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байыту;
2. шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалан отырып, қимыл белсенділігіне қажеттілікті жетілдіру;

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері-0,5	«Қатынас»-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Сауат ашу негіздері-2 Орыс тілі-1	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру-1 Музыка-2	«Әлеумет»-1,5 Өзін-өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Бәрі мен жайында	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ақылдылар» Мақсаты: Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындау шеберліктерін қалыптастыру, Еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеп жүруге жаттықтыру, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін жетілдіру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бізбен бірге және бізден артық орында» Мақсаты: Баланың қимыл-қозғалыс жүйесінің дамуына жағдай жасау. Өртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру ырғақпен қозғалу шеберліктерін дамыту. Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. Қауыпсыз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Табиғаттағы қауыпсіздік ережелері» Мақсаты:балаларды табиғаттағы қауыпсіздік ережелерімен таныстыру.Табиғат туралы және «адам-табиғаттың бөлігі» деген түсініктерін кеңейту. Табиғаттың адаммен байланысы арқылы өзін-өзі қорғай білуді үйрету.Табиғатқа деген сүйіспеншілікке,қамқорлыққа тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шаштараз» Мақсаты: балаларға өлеңді оқып бере отырып, мазмұны бойынша түсіндіру. Тазалық құралдары туралы кеңінен мағұлмат беру, білімдерін кеңейту. Ойын арқылы сөйлем құрай білуге үйрету..әр түрлі мамандық туралы білімдерін кеңейту. мамандыққа қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Моя семья» Цель: Познакомить с новыми словами по теме, ввести их в речь детей. Развивать внимание, память. Умение рассказывать о своей семье. Учить детей уважать старших.помогать младшим. Любить и уважать родителей. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: « О о дыбысы мен әрпі» Мақсаты: О дыбысы және әрпімен таныстыру. Тілдің дыбыстарын естіп, қабылдау, оларды сөздер ішіннен бөлу және сөзсіз айту. Сөздегі дыбыстардың (дауысты дауыссыз , жуан, жіңішке) ажыратып дұрыс дыбыстау. Суретті кітаптардан ақпаратты табу. Сөз,сөйлем сызбасын құру. Жазу жолын жол аралық кеңістікті жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап әріп элементтерін жазу. Тәрбиешінің сұрақтарына толық,анық жауап беру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: « О о дыбысы мен әрпі» Мақсаты: О дыбысы және әрпімен таныстыру. Тілдің дыбыстарын естіп, қабылдау, оларды сөздер ішіннен бөлу және сөзсіз айту. Сөздегі дыбыстардың (дауысты дауыссыз , жуан, жіңішке) ажыратып дұрыс дыбыстау. Суретті кітаптардан ақпаратты табу. Сөз,сөйлем сызбасын құру. Жазу жолын жол аралық кеңістікті жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап әріп элементтерін жазу. Тәрбиешінің сұрақтарына толық,анық жауап беру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын астық» (өлеңді жаттау) Қосжан Мүсірепов Мақсаты: «Алтын астық» өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып, әр шумағын қайталау арқылы жаттату. Астықты орып, жинау науқаны туралы балаларға айтып жеткізу. Еңбекке деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы «Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру» Мақсаты: ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы ұғым қалыптастыру. бір-бірінің үстіне қою, жанастыру арқылы және шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аңдар қысқа қалай дайындалады?» Мақсаты: Жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру. Себеп-салдар байланысын анықтай білуге үйрету. Логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Менің үйім» Мақсаты: Құрылыс материалдарынан өз үйін құрастыру, ойлануға, өздігінен шығармашылықпен әрекет етуге баулу, құрастыру дағдыларын қалыптастыру, өз үй-іші, отбасына деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Сазбалшықтан жасалға табақ» (Акварель бояу) Мақсаты: балаларға ою-өрнек элементтерін қолдана отырып табакты сәндеуді үйрету, тузу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың ою-өрнектерінің суретін салу тәсілдерімен таныстыру. Музыка Тақырыбы: «Құстар даусы» Мақсаты:Музыкалық шығармалардың әсерлі мазмұнымен сипаты, туған елге деген сүйіспеншілік сезімін білдіретін музыкалық шығармаларды қабылдау. Музыка Тақырыбы: «Құстар даусы» Мақсаты:Музыкалық шығармалардың әсерлі мазмұнымен сипаты, туған елге деген сүйіспеншілік сезімін білдіретін музыкалық шығармаларды қабылдау. Жапсыру Тақырыбы: «Теңіз асты патшалығы» Мақсаты:ірі бөлшектерді өзіне тән ұсақ бөлшектермен толықтыра отырып балық бейнесін жапсыруға үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: « Биші Әйгерім» Мақсаты: қозғалыста тұрған қызды мүсіндеу. балардың ойлау қабілетін, көркемдік талғамдарын арттыру, саусақ қимылдарын дамыту; ойыншықтың әр түрін мүсіндеуге, жеке жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету; ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу;	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «I тарау «Мен адаммын» қайталау Мақсаты:Жеке тұлғаны қалыптастыру үрдісі адамгершілік, еңбексүйгіштік, ізеттілік, шыншылдық, әдептілік т.б адами қасиеттерді дамыту.

II апта	Дұрыс тамақтану. Дәрумендер	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің стадион» Максаты: Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру, қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін дамыту. Малдас құрып отырып, ір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. 25 см биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қолын жеткізуді бекіту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің отбасым» Максаты: Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту. Әртүрлі жүру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Сапқа қайта тұруды уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру. Биік заттар үстінде заттарды атап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдік сақтап жүру шеберліктерін бекіту. Бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан қамшылар арқылы екі аяқпен секіруге жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз-болашақ әскерміз!» Максаты: Әртүрлі қимылдар тізбегін орындау дағдыларын дамыту. Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруді жалғастыру. Жерден екі аяқпен бірдей итерілуге жаттыға түсу, ұзындыққа секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын, денсаулығын сақтау құндылығын арттыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ең тәтті дүние» Максаты: кейіпкерлердің өзара сөйлесуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің ішкі сырын, айтылу керек ой-түйсігін, мән-мағынасын бұзбай, байланыстыра баяндай білуге үйрету. Асты қадірлеуге тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Для чего нужны предметы гигиены?» Цель: сформировать знания детей о здоровом образе жизни. Выработать навыки и умение по соблюдению личной гигиены, режим дня. Учить детей высказываться, обобщать, рассуждать. Ввести в активную речь слова про чистоту, личную гигиену. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Т т дыбысы мен әрпі» Максаты: Т дыбысы және әрпімен таныстыру. Тілдің дыбыстарын естіп, қабылдау, оларды сөздер ішіннен бөлу және сөзсіз айту. Сөздегі дыбыстардың (дауысты дауыссыз, жуан, жіңішке) ажыратып дұрыс дыбыстау. Сөз, сөйлем сызбасын құру. Жазу жолын жол аралық кеңістікті жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап әріп элементтерін жазу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «У дыбысы мен әрпі» Максаты: У дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөз, сөйлем сызбасын оқу. Жазу жолын жол аралық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап әріп элементтерін жазу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Мақтақыз бен мысық» (қазақ халық ертегісі) Максаты: Балалардың зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Оның мазмұнын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп, сахналау. Балаларды кішіпейілділікке, мейірімділікке тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Дөңгелек. Шаршы. Тіктөртбұрыш. Үшбұрыш» Максаты: балаларды фигуралармен таныстыру: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Терезе алдында не өсіп тұр?» Максаты: Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Зерттеушілік мінез-құлық пен «жаңаны танысам» деген құлшыныстарын дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Құмыра» (Акварель бояу) Максаты: құмыра туралы білімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге үйрету, балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру; қарапайым пішіндерде өрнекті құрастыра білу іскерліктерін бекіту. Музыка Тақырыбы: «Жайлаудағы төлдер» Максаты: Орындаушылық дағдыларды: дыбысты дұрыс құрауды, дауыс ырғағын тазалығын, есту қабілеттерін дамыту. Өндерде, билерде балалардың музыкалық аспаптарында ойнаған суырып салмалық қабілетін ұштап, шығармашылық қабілетін шындау. Музыка Тақырыбы: «Жайлаудағы төлдер» Максаты: Орындаушылық дағдыларды: дыбысты дұрыс құрауды, дауыс ырғағын тазалығын, есту қабілеттерін дамыту. Өндерде, билерде балалардың музыкалық аспаптарында ойнаған суырып салмалық қабілетін ұштап, шығармашылық қабілетін шындау Жапсыру Тақырыбы: «Құмырадағы гүл» Максаты: қағазды бірнеше бүктеу арқылы кию әдісіне үйретуді жалғастыру Мүсіндеу Тақырыбы: «Ит-жеті қазынанань бірі». Максаты: адам мен жануар бейнесін мүсіндеу іскерлігін қалыптастыру. Ойлау қабілетін, қол қимыл әрекетінің үйлесімділігін, шығармашылық қабілетін, көркемдік ойлауын дамыту. Балаларды үй жануарын сүйеге, оларға қамқор бола білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Менің туыстарым» Максаты: «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру, туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру, туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарын дамыту, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Арнайы көліктер. Жүк және жолаушы көліктері» Максаты: Көлік заттары және олардың қолданысқа сай болуы туралы балалардың түсінігін жалпылау және жүйелеу. Заттарды қарау және зерттеу, ажыратып олардың көлемін, түсін, пішінін, бөлшектерін атай білуін бекіту. (Жүреді, ұшады, жүзеді.)
---------	-----------------------------	--	--	--	--	--

III апта	Біз батыл және ептіміз	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің үйім» Мақсаты: Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін дамыту. Өртүрлі жүгіру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Залдың ортасы арқылы сапқа қайта тұру дағдыларын жетілдіру. Гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүру дағдыларын бекіту. Бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан таяқтардан бір бүйірмен секіруге жаттықтыру, санақ бойынша табандарын ширақ иіп, серпілту дағдыларын қалыптастыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күшті, батыл және үлкен боламын!» Мақсаты: Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін дамыту. Баяу қарқынмен жүгіруе үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту. Заттар арасымен алақан мен тізеге таянып еңбектей алу шеберліктерін бекіту. Қауіпсіздік мінез құлық негіздері Тақырыбы: «Мен үйдемін» қауіпсіздік мектебі. Мақсаты:баалаларға үйдегі қауіпсіздік ережелері туралы түсінік беру. Үйдегі қауіпті заттармен , қауіпсіздік жағдайларымен таныстыру. Олардан сақтана білуге үйрету арқылы қорғаныш дағдыларын дамыту	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Әжесін қайсысы жақсы көреді?» Мақсаты: отбасы ұғымы, мейірімділік қайырымдылық, имандылық туралы түсінік беру, балалардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату, отбасындағы өзара сыйластыққа үйрету арқылы қамқорлық қасиетіне баулу. Орыс тілі Тема: «Учимся измерять предметы» Цель: формировать представления о предметах: форма, величина;закрепить представления детей о геометрических фигурах. Ввести в активную речь новые слова: большой, маленький, узкий, широкий, толстый ,тонкий , круг, квадрат, треугольник. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «У дыбысы мен әрпі» Мақсаты: У дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөз, сөйлем сызбасын оқу. Жазу жолын жол аралық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап әріп элементтерін жазу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Ш дыбысы мен әрпі» Мақсаты: Ш дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санның және орналасу ретін анықтау. Ш дыбысы дауыссыз дыбыс екенің түсіндіру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Әдептілік әлемі» (өлең оқу) Ермек Өтетілеуұлы Мақсаты: Өленді мәнерлеп оқу, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлең арқылы балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, әдептілік туралы өз ойларын ашып айта білуге баулу. Әдепті, кішіпейіл, мейірімді болуға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Дөңгелек және сопақша» Мақсаты: дөңгелек және сопақша фигуралар туралы ұғым қалыптастыру. заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін қалыптастыру; кеңістіктік ойлауды дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Тұқымнан не өсіп шығады?» Мақсаты: Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым экологиялық және зерттеушілік мәдениетін дамыту. Топта өзінің құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге үйрету. Құрастыру Тақырыбы: Әдемі ұшақтар Мақсаты: Түрлі түсті қағаздан бүктеу тәсілі арқылы ұшақ жасауды үйрету, ұшақты әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын дамыту, жұмысты соңына дейін аяқтау арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Гүлдене бер, Қазақстан!» (Акварель бояу) Мақсаты: мазмұнды сурет салуда бейнелерді бүкіл параққа орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру. Музыка Тақырыбы: «Аңдардың айтысы» Мақсаты: Балаларды табиғи дауыспен ән салуға, күштенбей , сөзімен дыбысты таза және анық, кіріспе музыкадан кейін әнді бастауға, музвкалық сөздің арасында тыныс алуға үйрету. Музыка Тақырыбы: «Аңдардың айтысы» Мақсаты: Балаларды табиғи дауыспен ән салуға, күштенбей , сөзімен дыбысты таза және анық, кіріспе музыкадан кейін әнді бастауға, музвкалық сөздің арасында тыныс алуға үйрету. Жапсыру Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері» Мақсаты: екіге бүктелген қағазды симметриялы сызықпен кесуге, бүктеу арқылы киюға үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Жайылымдағы түйе» Мақсаты: әдемі түйенің мүсінін ермексазбен жасай білу әдіс – тәсілдерін үйрету Есу , шымшып созу, домалақтау әдістерін меңгеру, ептіліктерін түстерді дәл таңдай білу арқылы ұсақ қол қимылдарын дамыту. Үй жануарларына күтім жасауға, қамқорлық болуға тәрбиелеу, еңбекке баулу.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Отбасылық мерекелер» Мақсаты:«Отбасы» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, қуанышты көңіл күй сыйлау дағдыларын қалыптастыру, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

IV апта	Спорт-денсаулық кешілі.	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мерген болғым келеді» Мақсаты: Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін дамыту. Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әкем, анам және мен!» Мақсаты: Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру және теріс қарап, тепе теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру. Бір-бірінен 1 м арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды саусақтарымен домалатып алып жүруді бекіту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Командалық қимыл қозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптастыру» Мақсаты: Командалық қимыл әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге үйрету. Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруге жаттығу. Өртүрлі бастапқы қалыптан бір орында тұрып қолдардың қимылдарымен үйлестіріп секіруді, секіргенде бірқалыпты, аздап тізені бүге орындауды бекіту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қысқа дайындық» ертегі Мақсаты: балалардың қоршаған ортадағы адамдар, жан-жануарлар, жәндіктердің қысқа дайындығы туралы толық түсінік беру. Қоршаған орта, табиғат пен тіршілік арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың әңгімені аяғына дейін тыңдауға, кейіпкерлерінің қарым-қатынастарын бағалауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Учимся считать до 5» Цель: ввести в активную речь и в словарь детей названия числительных, учить количественному и порядковому счету, упражнять в обратном счете, развивать любознательность и математическое мышление, память. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Ш дыбысы мен әрпі» Мақсаты: Ш дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санның және орналасу ретін анықтау. Ш дыбысы дауыссыз дыбыс екенін түсіндіру. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дыбыстық талдау» Мақсаты: Дыбыстық құрылымы әр түрлі үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету, сөздердегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуді дамыту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ақымақ қасқыр» (ертегі) Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлерінің жағымды – жағымсыз қасиеттерін көре білуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Шар, текше, цилиндр» Мақсаты: көлемді геометриялық фигуралармен таныстыру: текше, шар, цилиндр. кеңістіктік ұғымдарды, санау дағдыларын дамыту жұмысын жалғастыру; талдау, салыстыру білігін дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Өсімдіктерге не қажет?» Мақсаты: Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру. Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту. Топпен бірге жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынд әлеуметтік құзіреттіліктерін дамыту. Жануарлар мен өсімдіктер әлемін сүйуге баулу.	Сурет салу Тақырыбы: «Ертегідегі құс» (Акварель бояу) Мақсаты: құстардың сыртқы бейнесі туралы жалпы ұғым қалыптастыру, құстар туралы білімдерін жетілдіру. ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету, балалардың құстар туралы білімдерін кеңейту. Музыка Тақырыбы: «Күзгі жаңбыр» Мақсаты: Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру. Музыка Тақырыбы: «Күзгі жаңбыр» Мақсаты: Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру. Би қимылдарын мәнерлеп орындауды үйрету. Музыканы тыңдап қызығушылығын дамыту. Жапсыру Тақырыбы: «Тауыс» Мақсаты: бірнеше бөліктерден тұтас бейне құрастырып жапсыруға үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Жүйрік ат» Мақсаты: мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін сақтай отырып, жүйрік атты мүсіндеу. Мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Отбасындағы қуаныш» Мақсаты: «Бақыт», «қуаныш» құндылықтарының мәнін түсіндіру, отбасындағы үйлесімді қарым қатынас жасауға үйрету, отбасы мүшелеріне қамқорлық, жанашыр сезімдерін дамыту, отбасындағы өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің елімнің салт-дәстүрлері» Мақсаты: Өз отанына деген түсінігін кеңейту. Балаларға қазақ халқының салт-дәстүрлерімен әдет-ғұрыптары жөнінде түсінік беру. Ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттыру. Балалардың өз елінің мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
---------	-------------------------	---	---	---	--	--

Мектепалды даярлық топ 2020 жыл желтоқсан айы

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Міндеттері:

1. Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
2. Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;
4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері-0,5	«Қатынас»-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Сауат ашу негіздері-2 Орыс тілі-1	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру-1 Музыка-2	«Әлеумет»-1,5 Өзін-өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,5
I апта	Елін сүйген -Елбасы	Дене шынықтыру Тақырыбы:«Отбасымызбен бірге жаттығамыз» Мақсаты: Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау үйлесімділігін жетілдіру. Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алуға жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы:«Отбасылық альбом» Мақсаты: Допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Өзіңе және өзге адамдарға көмектес» Мақсаты:өзіне және өзге адамдарға көмектесуге тәрбиелеу.Жарақаттанған кезде ал,ашқы жәрдем көрсете білу дағдыларын дамыту. Балаларға салауатты өмір салтын –бұл денсаулық сақтаудың негізгі байлығы мен құндылығы екенін жеткізу. Күнделікті өмірде оны дамытуға көңіл бөліп, өз бетінше қолдана білуін жетілдіру. Адамгершілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Алғашқы қар» Мақсаты: балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қардың қасиеттерімен таныстыру, ақ ұлпа қар туралы түсініктерін кеңейту. Тіл байлықтарын, есте сақтау, сөздік қорын молайту, ойлау қабілеттерін дамыту. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «С дыбысы мен әрпі» Мақсаты: С дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөзді буынға бөлу. Сөздегі буын саның және орналасу ретін анықтау. Сөз, сөйлем сызбасын құру. Жазу жолын жол аралық, кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Ы дыбысы мен әрпі» Мақсаты: Ы дыбысы және әрпімен таныстыру. Жаңа ы дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру.Сөз,сөйлем сызбасын құру және оқу. Берілген суреттерден ақпаратты табу. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін дыбыстау. Орыс тілі Тема: «Я умею считать до 10» Цель: ввести в активную речь и в словарь детей названия числительных, учить количественному и порядковому счету, упражнять в обратном счете, развивать любознательность и математическое мышление, память. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қыс» (өлеңді жаттау) Абдрахман Асылбеков Мақсаты: «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұнын ашу. Балаларға табиғат көріністерін сипаттауды, қыс қызықтарын айтызып үйрету. Өлең шумақтарын жаттату, сөздік қорларын молайту. Табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Үстінде – астында. Ішінде – сыртында. Алдында – артында. Оң жақта – сол жақта» Мақсаты: балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету: жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ, ортасында, арасында. жад пен кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесің бе?» Мақсаты:Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білетін мәліметтерін толықтыру. Белгілі бір жануарды суреттеу қабілеттерін; зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жануарлар әлеміне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға құштар етіп тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Орманды мекендеушілер» Мақсаты: Табиғи материалдармен таныстыру, оларды пайдалана отырып, әртүрлі бейнелер жасай білу дағдыларын қалыптастыру, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, ептілікке, икемділікке баулу, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Менің сүйікті ертегім» Мақсаты: балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу, балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру; Музыка Тақырыбы: «Сүйікті қалам Нұр-Сұлтан» Мақсаты: Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мәнерлігін түсініп, ажыратуға үйрету. Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру . Музыка Тақырыбы: «Сүйікті қалам Нұр-Сұлтан » Мақсаты: Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мәнерлігін түсініп, ажыратуға үйрету. Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру. Жапсыру Тақырыбы: «Тікұшак» Мақсаты:түрлі формадағы бөлшектерді қиып, үлгі бойынша тұтас бейне құрауға үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Бұғы» Мақсаты: Дымков ойыншығын жасауға, сәндік мүсіндеу өнеріне үйрету.Мүсіндеу іскерліктерін, қол , саусақ моторикасын дамыту. Өнерді бағалай білуге тәрбиелеу, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Достық неден басталады?» Мақсаты: «Дос», «достық» құндылығы туралы түсінік беру, достарға деген мейірімді қарым қатынасқа үйрету, достаса білуге тәрбиелеу.

II апта	Жайнай бер, Қазақстаным!	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тату-тәтті боламыз!» Мақсаты: Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру. Ара қашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің көңілді добым» Мақсаты: Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруе үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. Екі тізенің ортасына допты қысып, екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Қолға допты ұстап, арқанның астымен түрлі тәсілдермен өтуге жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Хоккей ойнап үйренеміз!» Мақсаты: Балаларды хоккей ойынымен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету. Шайбаны ілгері бағытта алып жүруге үйрету. Жүппен қозғалу, қозғалыс кезінде аяқ қолдың қимылдарын үйлестіруге, жұмсалатын күш қуатты дұрыс мөлшерлеу, бөлуді үйрету. Қозғалыстағы тапқырлық, көзмөлшері, спорттық жабдықтарды қолдануда зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруды дамыта түсу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің Отаным» өлең Мақсаты: Қазақстанның кең- байтақ, бай мемлекет екенін түсіндіру. Мемлекет астанасы туралы түсінік беру. Балалардың қызығушылығын, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Отанды сүйе білуге тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Ы дыбысы мен әрпі» Мақсаты: Ы дыбысы және әрпімен таныстыру. Жаңа ы дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Сөз, сөйлем сызбасын құру және оқу. Берілген суреттерден ақпаратты табу. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін дыбыстау. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Д дыбысы мен әрпі» Мақсаты: Д дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Сұрақтарға жауап беріп берілген сурет бойынша әңгіме құрастыру. Орыс тілі Тема: «Моя Родина – Қазақстан» Цель: ввести в активную речь детей новые слова Родина, национальность, Флаг, Гимн, Герб, родная страна, патриотизм. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан» Мақсаты: «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін оқып, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлең арқылы туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанды, елді қорғауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Қағаз бетінде бағдарлау» Мақсаты: балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. қағаз бетінде бағдарлау (жоғары, төмен, ортасы, оң жақ, сол жақ) дағдыларын дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аквариумда не тіршілік етеді?» Мақсаты: Балаларды аквариумдағы балықтардың тіршілігімен таныстыру. Құрбы-құрдастары және ересектермен еркін қарым-қатынас жасау арқылы олардың танымдық-зерттеушілік іс-әрекеттерін дамыту. Балаларды еңбекқорлыққа, құрбыларымен достық қарым-қатынас жасауға баулу.	Сурет салу Тақырыбы: «Қолғап» (Акварель бояу) Мақсаты: қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту және олардың қолданылу мүмкіншіліктерін ажыратуға үйрету. Музыка Тақырыбы: «Біздің рәміздер» Мақсаты: Балаларға Тәуелсіз Қазақстан деген сөздің мағынасын түсіндіру. Өн айту арқылы мерекелік көңіл-күй сыйлау. Отанға, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Желтоқсан оқиғасы туралы әңгімелеу. Музыка Тақырыбы: «Біздің рәміздер» Мақсаты: Балаларға Тәуелсіз Қазақстан деген сөздің мағынасын түсіндіру. Өн айту арқылы мерекелік көңіл-күй сыйлау. Отанға, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Желтоқсан оқиғасы туралы әңгімелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған көйлек» Мақсаты: қағазды бүктеу әдісі арқылы көйлек пішінін киноға үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Шана» Мақсаты: қысқы табиғат әсемдігін сезініп, шананы мүсіндей білуге үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту түстерді сәйкес дұрыс таңдау, іскерлік дағдыларын жетілдіру. Қыс мезгілінің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, әңгімелей білу дағдысын арттыру, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Адал дос» Мақсаты: «Адалдық», «Адал дос» туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» Мақсаты: ҚР мемлекеттік рәміздерін құрметтеуді қалыптастыру. Балаларды ҚР мемлекеттік Туымен таныстыру. Шығармашылық ойын дамыту. Өз отанына деген сенімділікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
---------	--------------------------	--	---	---	---	--

III апта	Қар жамылған ағаштар	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аулада ойнайтын ойындар» (таза ауада) Мақсаты: Баланы сезіну үдерістері арқылы және қимыл қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау. Тұзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру, допты соға білу шеберліктерін бекіту. Айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіп кету сапасын дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Асықпен ойналатын ойындар» Мақсаты: Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. Қауіпсіздік мінез құлық негіздері Тақырыбы: «Мен жүрек туралы не білемін?» Мақсаты: адамның ең негізгі мүшесі- жүрекпен таныстыру. Жүректің жұмысы және қызметі туралы мағлұмат беру, түсіндіру. Балаларды дене мүшелерін түрлі қатерден сақтауға үйрету, тәрбиелеу. Сұрақтарға толық сөйлемдермен жауап берулерін дамыту. Өз денсаулығына ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қыс» өлең Мақсаты: балаларды қыс қызығын тамашалауға, табиғат көрінісін сипаттап, балалардың көңілдендіретін қыстың қызықтарын айту. Балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, сөздік қорын көбейту, ауызекі сөйлеулерін дамыту. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «М дыбысы мен әрпі» Мақсаты: М дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөз, сөйлем сызбасын оқу. Берілген мысалдар арқылы М дыбысын ажыратады, М әрпінің баспа түрін табады. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «М дыбысы мен әрпі» Мақсаты: М дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөз, сөйлем сызбасын оқу. Берілген мысалдар арқылы М дыбысын ажыратады, М әрпінің баспа түрін табады. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу. Орыс тілі Тема: «Зимние зарисовки» Цель: формировать у детей элементарное представление о зиме. Ввести в активную речь новые слова: зима, снег, снеговик, санки, холод, снежинки. Вызвать живой интерес к изменениям, происходящих в не живой природе. Воспитывать экологическую культуру и любовь к ней. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жаңа жыл келді» (өлеңді жаттау) Сағи Жиенбаев Мақсаты: Өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқи отырып, мазмұнын әңгімелеуде өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу. Балалардың мерекелік көңіл-күйлерін көтере отырып жаттату.	Математика негіздері Тақырыбы: «Кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні. Танертең, күндіз, кеш, түн» Мақсаты: балаларды «ұзақтық» (уақыт) терминімен таныстыру. уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні; танертең, күндіз, кеш, түн. Зейін мен жадты дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу Жаратылыстану Тақырыбы: «Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет?» Мақсаты. Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау. Олардың зейін қойып тыңдау, көзбен көргенін естеу сақтау және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту. Зерттеушілік мәдениетін дамыту. Құрастыру Тақырыбы: «Ою-өрнектер» Мақсаты: Сым темірлермен жұмыс жасауға дағдыландыру, ою-өрнек элементтерін сым темірді иіп жасауға және одан өрнек құрастыруға жаттықтыру, көркемдік талғамын қалыптастыру, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Мерекелік отшашу» Мақсаты: балаларға салтанатты шерулердің мәнін түсіндіру, мерекелер туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, көркемдік талғамдарын дамыту, балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалу; Музыка Тақырыбы: «Жомарт өлкем» Мақсаты: Балалардың музыканы тыңдап, сезініп сипатын ажыратуға білімдерін кеңейту. Әуен сазынан туған өлкеге деген патриоттық сезімдерін білуге, оны қимыл қозғалыспен бейнелей білуге баулу. Музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылығын ажыратуға үйрету. Музыка Тақырыбы: «Жомарт өлкем» Мақсаты: Балалардың музыканы тыңдап, сезініп сипатын ажыратуға білімдерін кеңейту. Әуен сазынан туған өлкеге деген патриоттық сезімдерін білуге, оны қимыл қозғалыспен бейнелей білуге баулу. Музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылығын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Жапсыру Тақырыбы: «Көлік» Мақсаты: симетриялық бүктеу арқылы бірдей екі пішінді қиюға, салыстырмалы орналастыра білуге үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Аққала соққан бала» Мақсаты: балаларға қыс мезгілі және қыс айлары туралы түсінік беру. Есте сақтау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту, еңбек үрдісі арқылы бала қиялын жетілдіру, саусақ моторикасы арқылы шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа, ұқыпшылыққа тәрбиелеу .	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Достық бірлікте» Мақсаты: «Достық», «бірлік» құндылықтарының мәнін түсінуге ықпал ету.
----------	----------------------	--	--	--	---	---

IV апта	Жаңа жылдық сыйлықтар	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Керуен» Мақсаты: 3 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету. Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілерін бекіту. Өкшемен отырып, ұсақ заттарды лақтырып, оны қайтадан қағып алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Наурызым қорығы» Мақсаты: Музыка ырғағына сәйкес өздігінен мерекелік билердің қарапайым қимылдарын орындауға жаттықтыру. Гимнастикалық тактай үстімен қырынан жүру кезінде денені дұрыс ұстап, тепе-теңдік сақтау, баяу жүгіруді бекіту, жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Хоккей ойнаймыз!» Мақсаты: Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету. Жұпта қасына қарай аттау арқылы қозғала отырып заттарды орнынан басқа жерге апаруға, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруге, түсетін күшті мөлшерлеп бөлуге жаттықтыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ажарлы қыс» Мақсаты: балаларға өлең жолдары арқылы қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру, сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету және байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, тіл байлығын молайту. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Қ» дыбысы мен әрпі» Мақсаты: Қ дыбысы және әрпімен таныстыру. Суреттер бойынша тапсырмадағы сұрақтарға жауап беріп, әңгіме құрастыру. Жазу жолына Қ әрпінің элементтерін жазу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Қ» дыбысы мен әрпі» Мақсаты: Қ дыбысы және әрпімен таныстыру. Суреттер бойынша тапсырмадағы сұрақтарға жауап беріп, әңгіме құрастыру. Жазу жолына Қ әрпінің элементтерін жазу. Орыс тілі Тема: «Подарки Дед Мороза» Цель: учить узнавать и называть игрушки; учить описывать игрушки, выделяя существенные признаки; - учить конструировать фразы по речевому образцу; Көркем әдебиет Тақырыбы: «Мысық, Әгеш және Түлкі» (ертегі) Мақсаты: Ертегінің мазмұнымен таныстыра отырып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету. Ертегіге деген қызығушылығын арттырып, ойын, қиялын дамыту. Ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Апта күндері» Мақсаты: апта күндерінің атауларын бекіту. уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; реттік және есептік санау дағдыларын жетілдіру; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Дербестікке тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Боран қалай әндетеді?» Мақсаты: Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету. Қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет қалыптастыру. Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын арттыру: Құрбы-құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Жаңа жыл мерекесі» (Акварель бояу) Мақсаты: Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту. Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін арттыру; жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Шыршамызға арнаймыз» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу,эмоциясын ояту. Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы, аяз ата, ақшақар туралы түсініктерін қалыптастыру. Музыка Тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу,эмоциясын ояту. Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы, аяз ата, ақшақар туралы түсініктерін қалыптастыру. Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Жапсыру Тақырыбы: «Домбыра» Мақсаты: ұлттық ою-өрнек элементтерін кино әдісіне және үйлесімді сәндеуге үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Қуыршақ» Дымков ойыншығы Мақсаты: сазбалшықпен жұмыс істей білуге үйрету, сәндік өнерге баулу, қол, саусақ моторикасын дамыту, ұлттық құндылықтарды бағалай білуге тәрбиелеу, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Менің үйдегі достарым» Мақсаты: «Қамқорлық» ұғымының маңызын түсіндіру. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» Мақсаты: ҚР мемлекеттік рәміздерін құрметтеуді қалыптастыру. Балаларды ҚР мемлекеттік Туымен таныстыру. Шығармашылық ойын дамыту. Өз отанына деген сенімділікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
---------	-----------------------	--	--	---	---	--

Мектепалды даярлық топ 2021 жыл қаңтар айы

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Мақсаты: балалардың тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту;

Міндеттері:

1. жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыру;
2. табиғатпен тікелей байланысты тәжірбиені игерту;
3. қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсіндіру;

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-2,5 Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері-0,5	«Қатынас»-5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Сауат ашу негіздері-2 Орыс тілі-1	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру-1 Музыка-2	«Әлеумет»-1,5 Өзін-өзі тану-1 Қоршаған ортамен танысу-0,5
І апта	Қызықты қыс мезгілі	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ержүрек құмырсқалар» Саптібекпен (құстар қалай ұшады) екі қолды жанға созып тепе-теңдік сақтар жүру, жүгірумен алмастыру. Қыста қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасау керектігін айтып түсіндіру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мультфильмдер әлемі» Мақсаты: Саптағы бір қатардан екі қатарға қайта сап түзеп тұру. Қолды желке тұсында ұстап жүру. Қашықтыққа жүгіру. Құстарға қамқорлық жасау керектігін айтып түсіндіру. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Сезім мүшелері» Мақсаты: адамда сезім мүшелері бар екенін естеріне салу. Көру, есту, сезу адамның ең негізгі көмекшілері екенін айту. Сезім мүшелерінің рөлі және ол жайлы балалардың білімін жетілдіру. Сұрақтарға толық сөйлемдермен жауап берулерін дамыту. Өз денсаулығына ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: « Біз де ойнаймыз» ертегі Мақсаты: ертегі мазмұнын айтуға үйрету; балаларға берілген дыбысқа сөз ойлату, ой – өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту. Туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Сөздік диктант Мақсаты: Өткен дыбыстарды қайталап сөздік диктант жазу. Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Таза ұқыпты жазуға үйрету., жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, әріп элементтерін жазуға үйрету. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «К дыбысы мен әрпі» Мақсаты: К дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөз, сөйлем сызбасын оқу. Суретті кітаптардан ақпаратты табу (сурет арқылы). Сөз, сөйлем сызбасын құру. Сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі. Орыс тілі Темы: «Мои друзья» Цель: воспитывать доброжелательность, умение строить взаимоотношения со своими сверстниками. Пополнить словарный запас (друг, подруга, дружба). Көркем әдебиет Тақырыбы: Әкесі мен балалары (әңгімелесу) Лев Толстой Мақсаты: Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу. Көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және оның мазмұнын түсіне отырып әңгімені аяқтауға дағдыландыру. Татулыққа, достыққа тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Ауыр. Жеңіл» Мақсаты: заттардың салмағы мен өлшеуі туралы ұғым қалыптастыру. заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету; кеңістікте орналасуды сипаттау білігін дамыту; зейін, ойлау дағдысын дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді?» Мақсаты: Құстардың қысқы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Қарапайым ғылыми түсініктерін дамыту; заттарды салыстырғанда талдау қабілеттерін дамыту. Жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Балаларды «легое» конструкторлармен жұмыс жасай білуге үйрету, көлемі, түсі, пішіні әртүрлі құрылыс материалдарын пайдалана отырып танымдық белсенділігін, қолдың, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту, 2-5 бөліктен тұратын белгілі бір заттың бөліктерін біріктіріп жасай білу әдіс-тәсілдерін меңгерту, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Аяз ата» (Акварель бояу) Мақсаты: қоршаған ортадағы болмысты елестеу арқылы сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін байқауға үйрету. Аязатаның бейнесін салуды үйрету. Музыка Тақырыбы: «Бақшадағы ән-сауық» Мақсаты: Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпын-дыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мәнерлігін түсініп, ажыратуға үйрету. «Тәрбиеші» Ж. Молдажанова. Ж. Мұханбетжанова. Музыка Тақырыбы: «Бақшадағы ән-сауық» Мақсаты: Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мәнерлігін түсініп, ажыратуға үйрету. Жапсыру Тақырыбы: «Қысқы орман» Мақсаты: жырту әдісі арқылы бейнелермен сюжетті толықтыруға үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Біздің аю» Мақсаты: аюдың өзіне тән ерекшеліктерін ажырата отырып мүсіндей білуге үйрету. Үңгу, бекіту әдістерін меңгерту. Салыстыра отырып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, жүйелі әңгімелей білуін дамыту. Табиғатты сүйеге және аялауға тәрбиелеу.	Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Достық әлемі» Мақсаты: «Достық» ұғымын, оның құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру.

